

● Әбу Насыр әл-Фарабидің туғанына - 1150 жыл

# Екінші ұстаз туған өлкеде



Ұлы ғұлама, данышпан бабамыз Әбу-Насыр әл-Фарабидің туған жері көптеген ғасырлар бойы батыс пен шығысты байланыстырып тұрған күретамыр еді. Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде Отырар қаласының сол кездің өзінде-ақ озық ойлы жобалармен тұрғызылғаны анықталды. Бүгінгі замандастарымызды таң қалдыратыны – Отырардың су жүйелерінің қазіргі қалалардағы жүйелерге ұқсастығы. Ондағы үйлердің әрбір бөлмесіне дейін су құбыры жүргізілген. Құбырлар ықшам әрі ернеулеріне нақышты өрнектер салынып көркем жасалған. «Үй мен үйдің арасын жалғайтын құбырлар бұлардан едәуір жуандау болып келеді. Сонымен қатар кейбір бөлмелерде жуынып-шайынатын бұрыштар, тіпті ванналар кездеседі» дейді 1975 жылы археологиялық қазба жұмысына қатысқан зерттеуші, өнертанушы Әбдуәли Төлебиев.



Отырар тарихы біз үшін баға жетпес құндылық. Өйткені, бұл қала – адамзаттың екінші ұстазы атанған әл-Фарабидің Отаны. Сондай-ақ, Отырар заманында руханият астанасы болған. Александриядан кейінгі әлемдегі ең үлкен кітапхананың осы қалада орналасуы да тегін емес. Үшіншіден, Отырар өзінің қаһарман қорғаушыларымен өшпес даңққа бөленген, батырлықтың, отансүйгіштіктің теңдесі жоқ үлгісіне айналған. Мұны аз десеңіз, бұл жерде әулиелердің сұлтананы – Қожа Ахмет Ясауидің ұстазы Арыстанбаб жерленген. Жалпы, қазақ жерінде өмір сүріп, мәңгіге дамылдаған әулиелердің үлкені Арыстанбаб болғанын халық «Сайрамда бар сансыз баб, Түркістанда – түмен баб, Отырарда – отыз баб, бабтардың бабы Арыстанбаб» деп бекер айтпаса керек.

Елбасы Н.Назарбаев «Орталық Азия халықтары орта ғасыр дәуірінде жоғары дәрежедегі жарқын мәдениет жасай білді. Отырар, Тараз, Сайрам сияқты тағы басқа қалалар ірі-ірі мәдени орталықтарға айналды» десе, ҚР Үкіметі 2004 жылдың 30 қыркүйегінде «Көне Отырарды қалпына келтіру» туралы қаулы қабылдады.

Тарих айтады: ұлы Отырар – кіндік Азия, Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемдік өркениетке аты мәшһүр қала. Күллі әлемге ғылым мен білімнің, ерлік пен қаһармандықтың өнегесін паш еткен еңселі, өркениетті орда. Қадым заманнан жеткен ескерткіштер, құм астында көміліп қалған көзелердегі көне жазулар, бүкіл түркі дүниесінің алтын қазыналары ежелгі Отырар тарихы туралы сыр шертеді. Осындайда «Отырарды Отырар еткен де оның шарапханасы мен мейрамханасы емес, кітапханасы еді» деген қытай саяхатшысы Лу Цзиннің сөзі еске түседі...

Отырар тарихы – аса көне тарих. Тарихта қазақ халқының түп төркіні б.д.д. VII ғасырдан бастап жазба деректерде кездеседі десек, сол кезеңде Жетісу өңірі мен

Шу, Талас және Сырдария алқаптарында мұнаралы қорғандар мен қоршалған қала орталықтары қалыптаса бастағаны анықталып отыр. Солардың көпшілігі Тянь-Шань тауының етегінен, Арыс өзені мен Сырдарияның орта және төменгі ағысындағы алқаптардан табылды. Тарихи жазбаларда Сүткент, Аргубанкент, Аққорған, Өзгент, Ашнас, Баршыкент, Жанкент, Фараб (Отырар), Испиджаб (Сайрам), Кедр, Қарнақ, Сығанақ, Сауран, Жөлек қалаларының аттары бірге аталады. Бұл тізімге Баласағұн, Тараз, Алмалық т.б. қалаларды да қосуға болады.

Жалпы, тарихи-географиялық орналасуына қарай Отырар қаласы ірі сауда нүктесі болып табылады. «Орта Азияда бұдан ең қолайлы, ең қауіпті орынды табу қиын болатын» (А.Н.Бернштам). Отырардан шыққан сауда жолы Тараз бен Баласағұнға, Шығыс Түркістанға, Шаш, Соғдыға, Мерв пен Нишапураға, Хорезмге, Кавказға қарай аттанатын.

Отырарда сонымен қоса ғажайып үлкен қыш ыдыс – хумдар көптеп кездеседі. Олардың кейбірінің үлкендігі адам бойындай. Бұл ыдыстарда астық, жем сақталған. Отырар керамикалары композициялық құрылымы, ою-өрнектерінің күрделілігі, ерекшелігі жағынан да назар аудартады. Қаншама ғасыр өтсе де табақтардағы бояулар сапасын жоғалтпаған. Бұл жағдай Отырарда сәулетті сарай, мешіттердің болғанын растайды.

Бүкіл шығыс, араб-парсы мәдениетін меңгеріп, өз шығармаларын көпке ортақ тілде жазып, кейінгі ұрпақтарына мұра етіп қалдырған Әбу Насыр әл-Фараби дәулетті түркі тайпасынан шыққан. Бұған дәлел оның толық аты-жөнінде «Тархан» деген атаудың болуы. Әл-Фараби 870 жылы Арыс өзенінің Сырға құяр, Фараб қаласында дүниеге келді. Фарабидің толық аты-жөні Әбу Насыр Мұхаммед иби

Мұхаммед иби Ұзлағ иби Тархан әл-Фараби, яғни әкесі Ұзлағ, арғы атасы Тархан. Туған жері қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар «Барба-Фараб» атап кеткен. Осыған байланысты ол Әбу Насыр әл-Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбунасыр атанған.

Арыс өзені, үлкен оман орықтың арғы басы Талдыарық талының желекті саясын саялап, Жетімнің қырынан өте, Д.Алтынбеков каналының сол беткейінде Ақтөбе жатыр. Оң беткейінде жатқан көне төмпешіктердің қазіргі атауы Жалпақтөбе, Көкмардан, Бесіктөбе, Шөлтөбе, Алтынтөбе, Күлтөбе, Қаракеліншек. Қыпшақ өркениетінің әлемге әйгілеген Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан қалалар құпияларын жасырып, үнсіз томсарады. Ауданның батыс жағындағы қазіргі «Арыстанбаб» кесенесінің шығыс беткейінде жатқан «Отырар төбе». Бұрынғы Отырар қаласы араб деректерінде VIII ғасырдан бастап кездеседі.

«Отырардан шыққан қос батыр» – Кеңес Одағының Батырлары Т.Ибрагимов пен С.Әшіров туралы көптеген деректер айтылып, әскери-патриоттық әндер жазылды. Қазақ халқының біртуар қайраткерлері Н.Ондасынов, Ө.Жәнібеков, А.Белгібаев, Н.Төрешұлов, Ш.Қалдаяқов, Ө.Байтанаев, Ө.Мұсақұлов, Ө.Айтбаев секілді азаматтарды аудан халқы мақтаныш көреді.

Бір кездегі батыр, билерін, халыққа қайырымы тиген байлары мен бектерін, тоған тұрғызып, арна тартып, ортақ игілікті есеуге үлестерін қосқан арлы азаматтарын қастерлеп, осындай ерлерімен толыққан елдің тарихи жадын жақсы ісімен жаңғыртар батырлары болашақта да жарқ етіп көрінетіні сөзсіз.

*Ахсат ЕСЕНӘЛИЕВ,  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың  
«Қазақстан халқы Ассамблеясы»  
арнайы кафедрасының меңгерушісі, заң  
ғылымдарының кандидаты, доцент.*